Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

4 сәуір 2025 жыл іс №7119-25-00-2-2685 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақтөбе облысының білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Хромтау тау-кен техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Berserk Cleaning» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Ақтөбе облысының білім басқармасы мемлекеттік мекемесінің «Хромтау тау-кен техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны жауапкер «Berserk Cleaning» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Berserk Cleaning» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

«Berserk Cleaning» ЖШС-нен мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және

шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

Құжатқа қол қойылған: Нурсапинов Н. С., 04.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.05.2025, судья Нурсапинов Н. С., 12.05.2025

7119-25-3-1/2290